

**САУРАН АУДАНЫ Ы. АЛТЫНСАРИН АТЫНДАҒЫ  
ШАҒЫН ЖИНАҚТЫ ЖАЛПЫ БІЛІМ БЕРЕТІН  
МЕКТЕП КІТАПХАНАШЫСЫ МОЛДАБЕК  
АЙГҮЛДІҢ 2022-2023 ОҚУ ЖЫЛЫНДА ЖЫЛДЫҚ  
ЕСЕБІ**

***Кітапхананың басты мақсаты:***

***Оқырмандармен жеке және бұқаралық жұмыс істеудің әртүрлі формаларын қолдану мақсатында кітапханалық қызметін жетілдіру.***

***Оқушылардың талаптарын толық орындау және халықтың салт-дәстүрін әдебиетке деген қызығушылықтарын қалыптастыру:***

***Оқушылардың кітапты құрметтеуге, кітапқа деген қызығушылығын арттыру.***

***Міндеті:***

- 1. Білім беру профиліне сәйкес жаңа және дәстүрлі бағыттағы әдебиеттер мен толықтыру.***
- 2. Оқу процесінде керекті әдебиет, ақпараттар мен қамтамасыз ету.***
- 3. Кітапхана, ақпаратқа деген оқырмандардың жан – жақты сұранысын қанағаттандыру, оларды оқуға тарту, ынталандыру.***


*«Кітап - білім бұлағы, білім - өмір шырағы» бұл сөзде көп ойларды тоқуға болады. Мектеп кітапханасында ақпараттық коммуникациялық орталық жұмыс істеуде. Оқушылар мен мұғалімдер қосымша қажет материалдарын алып отырады. Қазіргі таңда мектеп кітапханасының қорында:*

*Оқулықтар саны - 4741 дана*

*Әдебиеттер саны - 3371 дана*

*Электронды оқулықтар - 50*

*Оқушыларды оқулықтармен қамтамасыз ету барысында жалпы оқушылардың 100% -ы оқулықпен қамтамасыз етілді.*



*Мектеп кітапханасы –кітап қоры және кітаппен қамтамасыз етумен ғана шектелмейді сонымен қатар мұғалімдермен тығыз байланыста болып, әртүрлі іс-шаралар, байқаулар және кітап көрмелерін ұйымдастырып отырады. Мысалы : “Оқуға құштар мектеп” жобасы жоспарына сәйкес ұйымдастырылған іс шараларға мектебіміздің кітап сүйер кішкентай оқырмандары белсене атсалысты.*

Адам өмір сүріп отырған қоғамның ықылым заманнан келіп жеткен қазыналары мен кереметтерін кітапханадан, яғни кітап оқу арқылы табады. Кітапты ғылым, білімнің адамзат ақыл-ойының жиынтығы сақталған қазыналы сандық десек болады. Сол сандықтағы байлықты қалай алуға болады? Кітап әлеміне баланы қалай енгізуге болады? Оның бірден-бір жолы кітап көрмелерді ұйымдастыруды әр бөлімге тақырып қойып, дәйек сөз дайындаудан бастауымыз қажет.





*1 сынып оқушыларының бірінші әдеби кітап оқып кеткен жоқ. Өйткені бастауыш сынып оқушыларына арналған журналдар мен шағын суретті кітаптардан бастадық. Оқыған журналдарымыз «Балдырған», , «Ертегілер әлемі», «Балалар әлемі» тағы басқалар. Журналдарды дауыстап оқып, артынан түйіндеме жасатып үйретемін. Әр оқушы не түсінді, не білді, не қызықты болды деген сұрақтарына өздері жауап беріп қызығушылықтары арта бастады.*






*Бастауыш сынып оқушылары журналдар мен қатар шағын суретті кітаптар мен халық ертегілерін, «Алдар көсе», «Тазша бала», «Қызыл телпек», «Жануарлар туралы ертегілер» т.б. кітаптарды оқып, артынан ертегі кейіпкерлерін және ертегінің мазмұнын сурет арқылы бейнелей бастады.*



*Сонымен қатар 3 сынып оқушыларына журналдар «Мөлдір бұлақ», «Айгөлек», және халық ертегілерін оқып, кейіннен оқушылар журналдағы оқушылар шығармашылығындағы тақырыптарға өлең жолдарын, шығарма жазып, кітапқа деген қызығушылықтары артты. 4 сынып оқушылары жыл сайын есейіп, өздерінің білімдерін толықтыру мақсатында көптеген қызықты әдеби кітаптар оқи бастады.*

*Ендеше осы жылдардың ішінен 2022-2023 оқу жылын алатын болсам бастауыш сынып оқушыларымен жүргізілген кітап оқудың бес тәсілі бойынша нәтижелерінің пайыздық көрсеткіші*

№	Оқу түрлері	1 сынып	2 сынып	3 сынып	4 сынып
1	Зер сала оқу		50 %	60 %	75 %
2	Тез оқу		50 %		70 %
3	Таңдап оқу	25 %			
4	Алдын ала таныстық мақсатында кітапты қарап шығу			50 %	65 %
5	Сканерлеу, яғни фамилияны, сөзді, фактіні іздеу мақсатымен тез оқып шығу	20 %			50 %



- Кітап оқудың бес тәсілі бойынша бастауыш сынып оқушыларының пайыздық көрсеткіші 1 сынып
- Кітап оқудың бес тәсілі бойынша бастауыш сынып оқушыларының пайыздық көрсеткіші 2 сынып
- Кітап оқудың бес тәсілі бойынша бастауыш сынып оқушыларының пайыздық көрсеткіші 3 сынып
- Кітап оқудың бес тәсілі бойынша бастауыш сынып оқушыларының пайыздық көрсеткіші 4 сынып

**М.Әуезов қазақтың ұлы жазушысы,  
қоғам қайраткері, ғұлама ғалымның  
туғанына 125 жыл**



# ҚР Тәуелсіздік күніне орай «Тәуелсіздік – тәңір берген тәтті сый» атты көрме



*Қазақстан халқы тілдері күніне орай «Тілдер достығы-  
халықтар достығы»  
5-сынып дөңгелек үстел*





**25-қазан**

***Республика күніне орай  
«Егемен елдің еңсесі биік»  
атты кітап көрмесі***





*«Білім көзі кітапта»  
8сынып оқушылармен  
сайыс сабақ*





*«Менің сүйікті  
кейіпкерім»  
тақырыбында сахналық  
қойылым*



**1-БАҒЫТ. «БАРЛЫҚ ПӘНДЕР АРҚЫЛЫ ОҚУ»**

**МАҚСАТЫ:** Оқушыларды кітап оқуға, оның ішінде ертегілерді оқуға шақыру. Ертегілер арқылы жалпы дамуға, рухани құндылықтарды бойына сіңіріп, маңызын ашу.

**КҮТІЛЕТІН НӘТИЖЕ:** Оқушылардың оқу дағдысын, сауаттылығын қалыптастыру. Ертегіні оқи отырып қиялдайды, ертегі туралы шағын әңгіме жазып келеді, сурет салады, ермексаздан ертегі кейіпкерлерін бейнелеп береді.

	Жұмыстың тақырыбы	Өткізілу түрі	Сыныбы	Айы, күні	Уақыты
1	«Әжемнің ертегілері» бастауыш сынып оқушыларына үзіліс кезінде бір мезетте ертегілер ұйымдастыру.	Оқу марафоны	1,4 сыныптар 1-аусым.		
			2,3сыныптар 2-аусым		

**2-бағыт. «Еркін оқу кеңістігі» (20 минут оқыда, 3-минут эссе жаз)**

**Мақсаты:** Кітап оқуды насихаттау және оқуға шақыру, жас ұрпақтың бойына ұлтжандылық қасиеттерін сіңіру және патриоттық тәрбие беру. Кітап оқуға басшылық жасау.

**Күтілетін нәтиже:** Оқушылардың оқу дағдысын, оқу сауаттылығын қалыптастыру. Тақырып бойынша эссе жазуға дағдыландыру.

	Жұмыстың тақырыбы	Өткізілу түрі	Сыныбы	Айы, күні	Уақыты
1	<b>Кел, бірге оқиық!</b> «20 минут оқыда, 3 минут эссе жаз» кітап оқу акциясы (үзіліс кезінде бір мезетте ұжыммен кітап оқуы)	Кітап оқу акциясы	5,6,7,8,9,10,11 сыныптар 1-аусым	Бейсенбі Апта сайын	
			5,6,7,8,9,10,11 сыныптар 2-аусым	Бейсенбі Апта сайын	

5-бағыт. «Оқу уақыты» (Өзін оқып, өзгеге ұсын) READx book жобасы.

Мақсаты: Оқырмандарды кітап оқуға қызығушылығын арттыру, кітап оқуды насихаттау.

Күтілетін нәтиже: Оқыған кітаптарынан алған әсерлерімен көпшілік алдында бөліседі, оқырмандарды шабыттандырады.

	Жұмыстың тақырыбы	Өткізілу түрі	Сыныбы	Айы, күні	Уақыты
1	«Өзін оқып, өзгеге ұсын»	READx book	1-11 сыныптар 1-аусым	Жыл бойы	
			1-11 сыныптар 2-аусым	Жыл бойы	

«Кітап оқуға құштар мектеп» жобасын іске асыру бойынша іс-шаралар жоспары

•Оқушылардың оқырман белсенділіктерін арттыру үшін ұйымдастыру жұмыстары

№	Іс-шаралар	Мерзімі	Жауаптылар
1.1.	«Ең үздік оқырман сынып» мектепшілік сайыстар өткізу (ай сайын)	Аяны 1 рет	Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары: Абуов Р.
1.2.	«Ең үздік оқырман» мектепшілік рейтинг өткізу (ай сайын)	Аяны 1 рет	Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары: Абуов Р. Мектеп кітапханашысы: Молдабек А.
1.3.	Сынып кабинеттерінде кітап оқу бұрышын ұйымдастыру	2021 жыл қаңтардан	Сынып жетекшілер, пан мұғалімдері, бастауыш сынып мұғалімдері
1.4.	«Бәріміз кітап оқимыз» сынып сағаттары	Жыл бойы, аптасына бір рет	Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары: Абуов Р. Сынып жетекшілер
1.5.	Кездесулер, көрмелер, сайыстар «Қазақ қаламгерлері», -латалы күндер, жазушылар кештері	Жыл бойы	Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары: Абуов Р. Мектеп кітапханашысы: Молдабек А.
1.6.	Атаулы мерекелер күндері	Жыл бойы	Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары: Абуов Р. Мектеп кітапханашысы: Молдабек А.
1.7.	Театр үйірмелері студиялар жұмысын ұйымдастыру	Маусым 2021 жыл	Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары: Абуов Р. Сынып жетекшілер
1.8.	«Кітапты сыйға тарту» акциясы	2022-2023 оқу жылы	Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары: Абуов Р. Мектеп кітапханашысы: Молдабек А. Сынып жетекшілер